

ЖШС «Жас дарын-3» бастауыш мектебінде ҚР халықтарының
тілдері күні мерекесіне орай өткізілген «Тіл мерекесі-ел мерекесі»
апталығының мәліметі

ЖШС «Жас дарын-3» бастауыш мектебінде 2023 жылдың қыркүйектің 5-8 аралығында «Тіл мерекесі-ел мерекесі» атты тілдер апталығы өтті.

Бұл шараны өткізудің негізгі мақсаты: оқушыларды мемлекеттік тілді құрметтеуге, орынды қолдануға және ана тілін мақтаныш етуге дайындау. Апталық аясында біраз іс-шаралар мен жұмыстар жүргізілді. Іс-шара жұмыстарына оқушылар мен ұстаздар белсене қатысып, жұмыла жұмыс жасады. Тіліміздің қанатын кеңге жаюға басқа ұлт өкілдерінің балалары да өз үлестерін қосып апталыққа белсенді қатысты.

Мектебіміздің оқу ісі жөніндегі орынбасары Исаева С сөз алып, мерекенің жоспарымен таныстырды. Апталықтың ашылуына орай оқушылар өз ана тілдерінде өлеңдер мәнерлеп оқып, орыс тілі, ағылшын, қазақ тілі пәндері бойынша білімдерін ортаға салды.



Апталықтың ашылуынан көріністер. Оқушылар өз білімін ортаға салуда.

05.09.2023жылы оқушылар арасында өлеңді мәнерлеп оқудан сайыс өтті, бұл жерде оқушылар үш тілде тіл туралы өлеңдерін жатқа айтты. Мақсаты: Оқушылардың тілдік және оқу сауаттылығын дамыта отырып, поэзия туралы түсінік қалыптастыру арқылы, кітапқа, поэзия оқуға деген қызығушылығын арттыру. Өлеңді мәнерлеп оқуға, мемлекеттік тілде ән айтуға баулу.

Міндеттері:

- 1.Оқырманның мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын дамыту;
- 2.Оқушылардың әдеби жанрлар туралы түсінігін қалыптастыру;
- 3.Оқушылардың ой - өрісін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту
- 4.Сөйлеуі мен қиялын дамыту;



Ең жас өлең оқушы



Мәнерлеп оқу сәттерінен

06.09.2023ж қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі Бурахан Айдана «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» тақырыбына сайыс сабағын өткізді. Сайысқа қазақ тілде оқытылатын 3-4«А» сынып оқушылары қатысты.

Сайысты өткізудің негізгі мақсаты: Мақал – мәтел, жұмбақтар айту арқылы көркем, ұтымды сөйлеуге, қиыннан қиыстыра білуге үйрету

Тәрбиелік мәні: Ата–бабаларымыздың өсиетін қадыр тұтуға, мақал- мәтел, жұмбақ, шешендік өнер арқылы өз елінің тарихи шежіресін білуге, әдет – ғұрып, салт-дәстүрді сыйлауға баулу

Дамытушылық: Сөздік қорын дамыту, өз ойларын кең, мазмұнды жеткізе білуге үйрету болатын.

Сабақ бес бөлімнен тұрды. Әр бөліміндегі тапсырмаларды оқушылар қызығушылықпен орындады. Тілге байланысты мақал - мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін еске түсірді. Оқушылар әдебиет сабағында алған білімдері бойынша сұрақтарға жауап берді.



Сайысқа қатысушы 3-4-сынып оқушылары

Тілдер апталығы аясында 07.09.2023 жылы қазақ тілі пәнінің мұғалімі Бейсенова Перизаттың ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты сайыс болып өтті. Сайысты осы тақырыпта өткізудің негізгі мақсаты: Мемлекеттік тіл мәселесі - өте маңызды, мемлекеттік мәні бар мәселе екенін ескере отырып, осы орайда мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын одан әрі кеңейту және мәртебесін көтеру мәселесін қолға алып, тікелей ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу қажеттілігі қарастырылды. Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайтынын және қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы екенін ескере отырып, жоспар құрылып, зияткерлік сайыс өз дәрежесінде өткізілді.

Бұл сайыста оқушылар екі топқа бөлініп, берілген сайыстың кезеңдерімен танысып, топпен жұмыс жасады. Сайыс жалпы алты кезең бойынша өтілді. Сабақта балалар үш тілде сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ түрлі тапсырмаларды орындап, сабаққа белсене қатысты. Сабақ балаларға өте пайдалы болды. Сабақ соңында мұғалім тарапынан белсене қатысқан оқушылар марапатқа иеленді. Оқушылар бұл сайысқа толық қанды дайындалып келгенін көрсете білді. Сонымен қатар мемлекеттік тілді ең керемет меңгерген оқушы да іріктеліп шықты және ең көп тіл білетін полиглот оқушымыз да анықталды.



Сайыс көрермендері



Сайыс кезеңдерінен көріністер

Ақын, педагог, қазақ жазуының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы шығармаларының тәрбиелік мәнін және ағартушы ұстазымыздың туған күнін ескере отырып, «Егіннің бастары» шығармасын 4 «А» сынып оқушылары сахналап көрсетті. Мұндағы мақсатымыз: А.Байтұрсынұлы шығармаларының қазақ халқына әкелер тәрбиелік маңыздылығы зор екені және А.Байтұрсынұлы шығармаларын өскелең жас ұрпаққа насихаттау болатын. Ақын шығармаларында әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейіпінен хабарлар беріп, ишара, тұжырым жасалады. Мысалдарында кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман ағымына қатысты көптеген жайттарды ақын жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді. Осылайша, ақынның мысалдарын оқушы жүрегіне жеткізе отырып, жас жеткіншек ұрпақты жалқаулықтан, арсыздықтан тиып, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу еді. Мақастқа орай оқушылар өз көріністері арқылы өз құрдастарын, оқушыларды білім-ғылымға деген оң көзқарасын қалыптастыру, еңбекқорлыққа баулуға өз үлестерін қосты. Осы көрініс арқылы оқушылар бір-біріне терең ой салып, өмірлік сабақ ала алды.



Көріністен үзінділер



Марапаттау сәттерінен



Апталықты қорытындылау кезеңі

Осындай іс-шараларды өткізу барысында оқушыларымызға тілді ұлттық мұра ретінде сезіндіріп, тіл мәдениетін сақтай білуге, тілдің қадір-қасиетін бойларына дарыта аламыз. Оқушылардың еліне, ұлтына, тіліне деген сүйіспеншілігін арттырамыз. Момышұлы атамыз: «Тілін білмеген-түбін білмейді» деген. Шынында, тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай алмаса, ол қасірет емес пе? Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс екенін осы іс-шаралар арқылы бала бойына дарытуға әрекет жасадық

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі:

П.С.Бейсенова

